

¹Жармағанбетова Қ.С.  ²Смағұлов Б.Қ.  ³Жанатаева К.Б. 

¹Хәлел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

²Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹Karo.jasmin@mail.ru, ²bolat.smagulov.76@list.ru, ³guljan2501@gmail.com

ХІХ ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ ғ. БАС КЕЗЕҢІНДЕГІ РЕСЕЙ ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Аңдатпа. Қазіргі уақытта Орталық Азия (Батыс және Шығыс Түркістан, Моңғолия, Батыс және Солтүстік Қытай және т.б.) халықтарының тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ әлеуметтік өмірін кешенді зерттеу Қазақстанның шығыстану ғылымында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені бұл бағыттағы зерттеулер аталмыш аймақтардағы халықтардың этникалық және әлеуметтік әрі этносаяси тарихына байланысты ғылыми мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл ретте Ресей шығыстанушыларының аталмыш географиялық әрі тарихи-мәдени кеңістікті жан-жақты зерттеуге елеулі үлес қосқандарын айта кетуіміз керек. Мақаланың мақсаты – көрсетілген кезеңдегі Ресей шығыстанушыларының Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетіне байланысты зерттеулерінің ерекшеліктерін анықтау. Мақала жазу кезінде текстологиялық талдау және факторлық талдау һәм салыстыру әдістері. Бұл ғылыми әдістер аталмыш тақырып жөнінде жазылған еңбектер авторларының ғылыми әрі идеологиялық ұстанымдарын анықтауға, сайып келгенде қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. Зерттеу жүргізу нәтижесінде авторлар төмендегідей қорытынды шығарды. ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. бас кезеңіндегі Ресей шығыстанушыларының Орталық Азия жөніндегі зерттеулері өздерінің тақырыптық бағдарлылығымен ерекшеленеді. Яғни Шығыс Түркістан, Моңғолия, Батыс және Солтүстік Қытай сияқты аймақтардағы зерттеулердің нәтижесінде жазылған еңбектер барлау сипатына ие болса, Батыс Түркістандағы (Орта Азия мен Қазақстан) зерттеулер этнографиялық, географиялық және тарихи тақырыптармен бірге, «қолданбалы» (мысалы, бүкіл империялық басқару жүйесін енгізу) мәселелерге арналған.

Алғыс айту: Мақала BR20281006 «Шығыс елдері: заманауи және өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер және жаңа перспективалар» ғылыми жобасын орындау аясында жазылған.

Кілт сөздер: шығыстану саласындағы зерттеулер, Батыс және Шығыс Түркістан, Қытай, Моңғолия, Орталық Азия, Орыс географиялық қоғамы, экспедициялар, халықтардың тарихы мен мәдениеті.

Кіріспе

ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. бас кезеңіндегі орыс шығыстанушыларының Орталық Азияның территориясын, соның ішінде Батыс және Шығыс Түркістан, Моңғолия, Батыс және Солтүстік Қытай сияқты аймақтарды мекендеген халықтардың тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ олардың әлеуметтік һәм қоғамдық өміріне арналған еңбектері шығыстану ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Бұл ретте аталмыш елдердегі ғылыми әрі барлау мақсатындағы зерттеулер Ресей үкіметі тарапынан қолдау тапты. Яғни билік империямен шекаралас Орталық Азия территориясында зерттеулер ұйымдастыру барысында «дәстүрлі» мәліметтермен (география, этнография және тарих жөніндегі ақпараттар) ғана

шектелмей-ақ, аталмыш географиялық кеңістікке қатысты барлық бағыттағы барлау (мысалы, елдің ішкі және сыртқы саяси жағдайы) материалдарын барынша көп жинастыруға тырысты. Осыған байланысты Ресей зерттеушілері келтірген мәліметтердің Қазақстан тарихына тікелей қатысы бар деп айтуға болады. Өйткені шығыстанушылар экспедиция кезінде жинастырған материалдар еліміздің тарихындағы сан алуан оқиғаларды барысы, мазмұны және фактілер тұрғысынан толықтыра түседі. Сондықтан Ресей шығыстанушыларының қаламынан туған шығармалар Қазақстан тарихы үшін өте маңызды. Яғни ғылыми тұрғыдан қарағанда, Орталық Азия территориясын бұрын мекендеген және қазір де мекендейтін халықтардың тарихына, мәдениетіне, географиясына, сондай-ақ халқының этникалық құрамы мен этногенезіне байланысты ғылыми зерттеулер жалпы Орталық Азия халықтарының тарихын ғылыми зерделеуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік жақтан қарайтын болсақ, экспедициялар барысында жинастырылған мәліметтер, мысалы, өлкетану қызметінде пайдалануға болады. Осылайша бұл тақырыпты дәйекті әрі барынша толыққанды зерттеу қажеттілігі еш күмән тудырмаса керек. Алайда, өкінішке қарай осы мәселе қазіргі Қазақстан шығыстану ғылымында нақты әрі толық көрініс таппай қалды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалау жазу үшін пайдаланылған деректерді келесі топтарға жіктеуге болады: а) XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңіндегі Ресей шығыстанушыларының аталмыш тақырыпқа тікелей арналған немесе оның кейбір аспектілерін жанама қозғаған еңбектері; б) Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің Шығыс елдеріне қатысты есептері мен хаттамалары. Бұл құжаттарда аталмыш қоғамның мақсаты, міндеттері һәм жұмыстар мазмұны мен бағыттары көрсетілген; в) зерттеушілердің жол естеліктеріндегі Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ олардың әлеуметтік және қоғамдық өміріне қатысты мәліметтер. Зерттеу жүргізу барысында төмендегідей бірнеше әдіс қолданылды. Ең алдымен әңгіме *текстологиялық әдіс* жөнінде болып отыр. Бұл әдіс автордың белгілі бір туындысының мәтінін зерттеуді көздейді. Шығарма мәтінін жан-жақты зерттеу автордың ұстанымдарын, оның саяси әрі қоғамдық, сондай-ақ ғылыми көзқарастарын анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, *факторлық талдау әдісі* еңбек авторының ұстанымдары мен көзқарастарына және олардың қалыптасуына әсер еткен факторларды анықтауды көздейтін әдіс болып табылады. Үшіншіден, бұл мақалада екі және одан да көп объектіні салыстырып бұлардың арасындағы ортақ атаулы мен ерекшеліктерді анықтау үшін *салыстыру әдісі* қолданылды.

Талқылау

Бұл мәселенің зерттелу деңгейін сөз еткенде, ең алдымен мақала тақырыбының кейбір аспектілері тарихны-ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқандығын айта кетуіміз керек. Жалпы алғанда, жекелеген өңірлер мен елдерге, сондай-ақ халықтарға арналған еңбектер көп аспектілерді қамтитындықтан, біздің ойымыша, оларды төмендегідей бірнеше топқа жіктеуге болады. Ең алдымен, әңгіме Ресей империясынан Батыс және Шығыс Түркістан, Моңғолия, Батыс және Солтүстік Қытай және Тибет сияқты елдер мен өңірлерде жүргізілген экспедициялық зерттеулер жөнінде болып отыр. Яғни бұл тұста біз ғылыми зерттеулердің ұйымдастырушылық жағын айтып отырымыз. Мысал ретінде ресей зерттеушісі А.И. Андреевтің «Ресейден Орталық Азияға ұйымдастырылған экспедициялар: ғылыми және әскери-саяси аспектілері (1870–1920-жылдары)» («Российские экспедиции в Центральной Азии (1870–1920-е годы): научные и военно-политические аспекты») атты мақаласын келтірелік. Өзінің еңбегінде автор аталмыш кезеңде Ресей шығыстанушылары Шығыс Түркістан, Моңғолия және Солтүстік Қытай территорияларында жүргізген зерттеулерге шолу жасайды (Андреев, 2012). Бұл ретте автор ресей экспедицияларының ұйымдастырылуында үкіметтің рөлі ерекше болғандығын атап өтті (Андреев, 2012: 105),

яғни Ресей империясының билігі зерттеулердің ғылыми бағдарлылығымен ғана шектелмей-ақ, бұлардың геосаяси жағына да көңіл бөлуді ұмытпаған. Жалпы, автор Ресей империясы Шығыс елдеріне жіберген экспедицияларды төмендегідей төрт топқа бөледі, атап айтқанда: географиялық, әскери-елтанушылық экспедициялар және сауда экспедициялары, ал төртінші топқа әскери-дипломатиялық миссиялар жатады (Андреев, 2012: 106). Бұл тұста біздің ойымызша, жоғарыда сөз болған экспедицияларды сан алуан топтарға шартты түрде ғана жіктеуге болады. Басқаша айтқанда, Ресей империясының билігі тарапынан ұйымдастырылған экспедициялық сапарлар кешенді сипатқа ие болды. Яғни ресей шығыстанушылары қызмет бабымен Орталық Азияға барғанда белгілі бір ақпараттармен (мысалы, географиялық, геологиялық, тарихи және т.б.) шектелмей, әртүрлі мәліметтер жинады, яғни аталмыш аймаққа ұйымдастырылған саяхаттар бір мақсатқа ғана бағытталмаған болатын. Сондықтан белгілі бір ғылыми экспедицияларды нақты топтарға бөлу өте қиын. Екінші топқа жалпы Шығыс елдерін немесе халықтарын зерттеген белгілі шығыстанушылардың ғылыми әрі өмір жолы жөнінде жазылған еңбектерді жақтыздық. Көрнекі мысал ретінде орыс шығыстанушысы Н.И. Ильминский еңбектерінің «теориялық» және «практикалық» аспектілеріне ерекше көңіл бөлген Д.Ш. Муфтахутдинованың «Қазақстанда татарға қарсы саясаттың қалыптасуындағы рөлі (Татарстан Республикасы Ұлттық архивінің материалдары бойынша)» («Роль Н.И. Ильминского в формировании антитатарской политики в Казахстане (по материалам НА РТ)» деп аталатын мақаласын келтіруге болады. Н.И. Ильминскийдің ғылыми әрі қоғамдық қызметін талдай отырып, автор нақты мәліметтер негізінде осы адам жөнінде төмендегідей қорытынды шығарды: оның мақсаты қазақ халқын татар халқынан бөліп алып қазақтарды мектеп арқылы орыстандыру болған (Муфтахутдинова, 2019). Үшінші топқа аталмыш кезеңде Орталық Азия территориясын география, геология, этнография, тарих және этнография тұрғысынан зерттеген ғылыми орталықтар кіреді. Мысалы, қазіргі ресей тарихшысы О.В. Гефнердің «Омбы әскери шығыстану ғылымының орталығы ретінде (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңі)» («Омск как центр военного востоковедения (вторая половина XIX – начало XX в.)») атты ғылыми мақаласында шығыстану ғылымының аясында қалыптасқан арнайы бір салаға – әскери шығыстану ғылымына байланысты пікірлерін білдірді. О.В. Гефнердің айтуынша, әскери шығыстану Шығыс елдері тарихы мен мәдениетінің, сондай-ақ саясаты мен экономикасының әскери қырларын зерттейді. Автор келтірген мәліметтерге қарағанда, Ресей империясының билігі 1890 жылдан бастап өз офицерлерін Қытайдың Құлжа қаласында орналасқан дайындық мектебіне жіберіп тұрды. Аталмыш мектепте екі жыл оқығаннан кейін офицерлер қытай тілі мен иероглификасының негіздерін меңгеріп алып Қытайда барлау қызметімен айналысты (Гефнер, 2018: 192–193).

Зерттеу нәтижелері

XIX ғ. екінші жартысында Ресей шығыстанушыларының Батыс Түркістан халықтарының (қазақтар, өзбектер, түрікмендер, қырғыздар, қарақалпақтар, тәжіктер және т.б.) этникалық тарихы мен әдет-ғұрыптарының, сондай-ақ қоғамдық өмірінің кейбір аспектілеріне арналған шығармалары жарияланды (Костенко, 1870; Костенко, 1880; Марков, 1901; Абаза, 1902; және т.б.). Бұл кезеңде аталмыш өңірді географиялық, этнографиялық, тарихи және т.б. тұрғыдан жан-жақты сипаттайтын энциклопедиялық еңбектер де басылып шықты (мысалы қараңыз: Россия, 1913; және т.б.).

Бұл тұста Ресей зерттеушілерінің туындыларын сөз еткенде келесі мән-жайға ерекше көңіл бөлуіміз керек. Өңгіме Батыс Түркістанның, яғни сол кездегі Далалық өлке мен Түркістан өлкесінің қазақтар мен басқа мұсылман және түркі халықтары мекендеген территорияларындағы әлеуметтік-саяси жағдай жөнінде болып отыр. Яғни XIX ғ. 60-жылдарының орта шеніне дейін Қазақстанда, ал 80-жылдарының бас кезеңінде Орта Азияда Ресей империясының билігі мен ықпалы күшейген сайын өздерінің еңбектерінде ресей

шығыстанушылары жоғарыдағы этнографиялық, географиялық және тарихи тақырыптармен ғана шектелмей-ақ, жергілікті халықтарды толықтай бағындырып оларды шоқындыру мен орыстандыруға бағытталған практикалық (қолданбалы) «іс-шараларға» да назар аударды. Мысалы, Ресей империясының арасында миссинерлік қызметпен айналысқан орыс шығыстанушысы Н.И. Ильминскийдің пайымдауынша, мектеп мәселесі өте маңызды болып табылады. Ресей билігінің кейбір өкілдері сияқты Н.И. Ильминский де қазақ балалары үшін жаңа әліппе құрастыру мәселесін алға тартты. Сол үшін ол қазақ балаларына арналған оқу құралдарында қазақ тілі үшін орыс әліпбиін пайдалануды ұсынған (Ильминский, 1891: 6). Н.И. Ильминскийдің айтуы бойынша, қазақтарды және басқа түркі халықтарын шоқындырып орыстандыру үрдісі барынша тиімді болу үшін ең алдымен қазақ балаларын қазақ тілінде оқыту керек. Бірақ оқу үдерісінде орыс тілінің әліпбиіне негізделген қазақ тіліндегі кітаптарды пайдалану жөн. Сонда «бұратана» халықтардың өкілдері бастапқы білімін ана тілінде алса, бұл орыс тілін мен орыс білімін меңгеріп алу үшін ең жақсы тәсіл болып табылады (Муфтахутдинова, 2019: 59). Бұл ретте өзінің естелігінде Н.И. Ильминский қазақ балалары үшін ашылған мектептерде басшылық тарапынан ислам дініне қарсы қабылданған «іс-шаралардың» «мазмұнын» жасырмай баяндайды. Мысалы, жұма күні мешітке баруға тыйым салу, балалардың ораза ұстауына кедергі жасау және т.б. (Ильминский, 1891: 16–17).

Ресей билігінің ресми өкілдері де түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың арасында татар «факторының» елелуі рөл ойнайтынына ерекше назар аударған-ды. Мысалы, орыс билігі өкілдерінің 1860-жылдардың ортасында Қазақ даласын басқару реформасына арналған құжаттарының бірінде былай айтылған: «Қазақтар оқудың қажеттігі туралы ойланатынына, тіпті оларда өте кең ауқымда таралған халықтық татар оқуының бар екеніне көз жеткізу үшін дала кездің қажеті жоқ. Кез келген болыста, кейбір ауылдарда да мұғалімдер, молдалар, қожалар бар, олар бай қазақтардың қолында іс жүргізушілер немесе діни адамдар ретінде қазақ балаларын татар сауатына үйретеді, дінге бейімдейді; кейде біздің татарлардан шыққан осындай мұғалім ынтасы барлардың орысша сауатын да ашады. Осындай халықтық білім алудың деңгейі қандай болғандығын молдалардан алынған кейбір цифрлар көрсетеді. Мысалы, молдалардың айтуынша, Сібір даласы округтерінің бірінде (Қарқаралы округі) 15 болыста 23 мектеп бар, соның екеуі Каркаралинская станицасында орналасқан... барлық мектептерде 412 бала оқиды... Жоғарыда сөз болған молдалар, қарапайым молдалар, қазақтар, ташкенттіктер, татарлар һәм қожалар сол мектептерде мұғалім болып жұмыс істеп жүр. Осындай фактілерге қарағанда қазақтарда оқу деңгейі қандай екендігін, сондай-ақ қай бағытта жүріп жатқандығын айқын көруге болады....» (Выписка из объяснительной записки комиссии..., 1980, т. 1: С. 275–276).

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңінде Ресей шығыстанушылары Шығыс Түркістан, Моңғолия, Батыс және Солтүстік Қытай территориясында экспедициялық зерттеулер жүргізді. Сол экспедициялардың негізгі нәтижелері зерттеушілердің (М.В. Певцов, Н. Зеланд, Г.Е. Грумм-Гржимайло, Ш. Уәлиханов және т.б.) кейін жарияланған іргелі еңбектерінде көрініс тапты. Бұл ретте ерекше ескерер жайт – кезінде зерттеушілер атап айтқандай, Ресей тарапынан ұйымдастырылған экспедициялардың алдына ғылыми мақсаттармен бірге әскери-саяси әрі барлау мақсаттарының да қойылғандығын айта кету жөн. Мысалы, А.И. Андреевтің айтуынша, Орыс географиялық қоғамы Орталық Азия территорияларына жіберілген экспедицияларға қолғабыс еткен орыс Ресей империясы армиясының Бас штабы болды. Осыған байланысты экспедицияларға қатысқандардың, сондай-ақ жетекшілік жасағандардың басым көпшілігі әскери адамдар болғандары назар аударады. Сондықтан да экспедиция барысында ғылыми мәліметтермен бірге, әскери-саяси сипаттағы ақпарат та жинастырылды (Андреев, 2012: 105). Бұл ретте ресей шығыстанушыларының Ресей империясының құрамындағы Батыс Түркістанға арналған еңбектерін Ресейдің құрамына кірмеген Шығыс Түркістан, Моңғолия, Батыс және Солтүстік

Қытай территориялары жөніндегі шығармаларымен салыстырып қарағанда еңбектердің арасындағы айқын айырмашылықты көру қиын емес. Бұл тұста гәп авторлар шығармаларының бағдарлылығында. Өйткені соңғы өңірлер туралы жазғанда зерттеушілер этнографиялық сюжеттермен (Катанов, 1894; Катанов, 1897; және т.б.) бірге негізінен аталмыш аймақтардағы сауда-экономикалық әрі ішкі әскери-саяси жағдайға ерекше назар аударады (Балкашин, 1881; Катанаев, 1893; Сапожников, 1911; және т.б.). Өйткені бұл Ресей империясының сол кездегі Қытайға қатысты сыртқы саясатына байланысты. Яғни Ресей билігі Циндік Қытай құрамындағы Шығыс Түркістан, Моңғолия, сондай-ақ Солтүстік Қытайдың өңірлерінде өзінің саяси әрі экономикалық ықпалын күшейтуге тырысты. Бірақ сол үшін аталмыш аймақтарға барынша көп барлау сипатындағы мәліметтер жинастыру керек болды. Бұл жайттар аталмыш кезеңдегі ресей шығыстанушылары жазған еңбектерде айқын көрініс тапқандығын айтуымыз керек.

XIX ғ. аяқ шені – XX ғ. бас кезеңінде Ресей империясы Моңғол еліне ұйымдастырған экспедициялар нәтижелерінде орыс шығыстанушыларының қаламынан моңғол жеріне арналған бірқатар іргелі еңбектер жарық көрді. Мысал ретінде 1879 жылы атақты орыс зерттеушісі, әскери адамы, Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімшесінің мүшесі М.В. Певцовтың «Жоңғарияға барғанда жасалған жол естеліктері» («Путевые очерки Чжунгарии») атты іргелі еңбегін келтірелік. Бұл еңбегінде автор нан керуенін «дүнгендерден тұратын тонаушылар тобынан» («от дунганских шаяк») қорғауға арналған экспедицияны айтып отыр. Аталмыш экспедиция Зайсан бекетінен («Зайсанский пост») Қытайдағы Гучен қаласына 1876 жылдың мамыр айында жіберілді. Өзінің жол естеліктерінде М.В. Певцов жергілікті халықтардың (торғауыттар, қазақтар, дүнгендер және т.б.) тілі мен мәдениеті, сондай-ақ тарихы жөнінде құнды мәліметтер келтірді. Мысалы, автордың пікірінше, торғауыттар Еділ мен Жайық өзендерінің арасындағы географиялық кеңістікті мекендеді. М.В. Певцовтың айтуынша, «... сол кезде олар орыс бодандығын қабылдап, тіпті біздің әскерлерімізбен бірге Қырым татарларына қарсы соғысты», бірақ «1771 жылы... [торғауыттардың] басым көпшілігі Балқаш көліне қарай көшіп, қас жаулары қазақтардан ауыр жеңіліске ұшырап, өздерінің бұрынғы атамекені – Жоңғарияға жетті де, Қытайдың бодандығын алды...» (Певцов, 1879: 15). Сонымен бірге осы еңбекте торғауыттардың антропологиясы, киім-кешегі, тұрмыс тіршілігі және т.б., сондай-ақ олардың тіліне байланысты ақпараттар берілген: «Торғауыттар халха моңғол тілінен сәл айырмашылығы бар ерекше бір моңғол диалектінде сөйлейді; сондықтан да олар [халха моңғолдардың] тілін жақсы түсінеді» (Певцов, 1879: 16). Торғауыттарға қатысты этнографиялық материалдардан басқа, М.В. Певцов қазақтарға, қытайлықтарға да қатысты қысқаша мәліметтер келтіреді (Певцов, 1879: 2, 13, 16). 1883 жылы М.В. Певцовтың «Моңғолия және ішкі Қытайдың солтүстік аймақтарына жасалған саясатқа шолу» («Очерк путешествия по Монголии и северным провинциям внутреннего Китая») деп аталатын тағы бір шығармасы жарық көрді. Бұл он бір тараудан тұратын еңбекте Моңғолияның климаты, орографиясы, моңғолдардың дәстүрлі мәдениеті және Моңғолиядағы орыс саудасының жағдайы, сондай-ақ моңғолдар мен қытайлықтардың арасындағы қатынастар жөнінде көп әрі қызықты мәліметтер берілген. Мысалы, М.В. Певцов келтірген мәліметтерге қарағанда, «Солтүстік-Батыс Моңғолия территориясын мекендейтін моңғол халықтарында, атап айтқанда, дүрбеттер мен торғауыттардың, әсіресе дүрбеттердің, сондай-ақ заханшиндердің шаруашылығындағы егіншілік халха моңғолдар шаруашылығындағы егіншіліктен гөрі жақсы дамыған. Егін бітік шыққан жылдары [дүрбеттер] Кобдо мен Үлэсұтайға һәм халха моңғолдардың шектес жерлеріне астық апарып өткізетін» (Певцов, 1883: 80).

1914 жылы атақты орыс зерттеушісі Г.Е. Грумм-Гржимайлоның «Батыс Моңғолия және Ұрыңқай өлкесі» («Западная Монголия и Урянхайский край») атты іргелі еңбегі жарияланды. Бұл еңбекте аталмыш аймақты мекендеген халықтардың шаруашылығы, сондай-ақ Батыс Моңғолия территориясы мен Қара Ертіс өзенінің бойындағы жерлер жөнінде құнды әрі

қызықты мәліметтер келтірілген. Ең алдымен, жалпы алғанда бұл еңбек жоғарыда айтылған географиялық кеңістіктің (Батыс Моңғолия мен Қара Ертіс өзенінің бойындағы территориялар) топонимикасын зерттеуге өте құнды дереккөз болып табылады. Сонымен бірге зерттеуші моңғол шаруашылығының ерекшеліктеріне назар аударады: «Көлдiң осы жағында моңғолдар қыстыгүні мекендейтiн аралдар көп; олардың айтуынша, ашық далаға шықпай, қамыстың арасында қоныстанатын жер жылы» (Грумм-Гржимайло, 1914: 344). Бірақ өзінің шығармасында Г.Е. Грумм-Гржимайло моңғолдармен ғана шектелмеген. Мысалы, кітапта көшпелі қазақтардың шаруашылығын қысқаша сипаттай отырып, Қара Ертіс өзенінің бойында орналасқан қазақ қыстақтарын тіркеп оларды өзі жасаған картаға енгізді. Бұл тұста автор қазақ қыстақтарының өз атаулары бар екендігін көрсетті. Мысалы, Г. Грумм-Гржимайло мысал ретінде «Адык-бекенек» деп аталатын қыстақты келтірген (Грумм-Гржимайло, 1914: 261).

Аталмыш кезеңде ресей зерттеушілері Моңғолияны ғана емес, Шығыс Түркістанды зерттеуге де бар күшін салған. Өйткені Батыс Түркістандағы саяси тұрақсыздықтың Ресей империясының құрамындағы Батыс Түркістанның (Орта Азия мен Қазақстан) да ішкі және сыртқы жағдайына кері әсер етуі бек мүмкін болғандықтан Ресей билігі Шығыс Түркістан жайлы барынша әртүрлі мәліметтер (соның ішінде барлау сипатындағы ақпарат та) жинастырып талдауға көп мән берді. Бұл ретте Ш. Уәлихановтың қаламынан шыққан сан алуан құжаттар мен мақалалар жоғарыда айтылғанға айқын дәлел болып табылады. Мысалы, XIX ғ. 50-жылдарының орта шенінде Құлжаға ұйымдастырылған экспедицияның барысында автор «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы (1856 жылы Құлжаға барған кезде толтырылғае күнделік)» («Западный край Китайской империи и город Кульджа (Дневник поездки в Кульджу 1856 г.)») аталмыш қаланың және оның төңірегіндегі әскери-саяси ахуалға жан-жақты сипаттама береді. Жалпы Ш. Уәлихановтың Шығыс Түркістанға арналған еңбектерінде Ресей мен Батыс Қытаймен, сондай-ақ Орта Азияның арасындағы сауда байланыстары, Қашғардағы көтерілістер, Құлжа мен Шәуешектегі сауда ісінің жағдайы, Қокан хандығы мен Қытайдың арасындағы әскери соқтығыстар және басқа да мәліметтер мен оқиғалар айқын көрініс тапқандығын айтуымыз керек (Валиханов, 1985).

Белгілі шығыстанушы Н. Зеландтың 1888 жылы басылып шыққан «Қашғар елі және Тянь-Шанның асулары. Жол естеліктері» («Кашгария и перевалы Тянь-Шаня. Путевые записки») атты еңбегінде ол өзінің Қашғар еліне жасаған саясатына егжей-тегжейлі сипаттама береді. Н. Зеландтың айтуы бойынша, 1886 жылдың тамыз айында Қашғардағы ресей консулынан Верныйға Ақсу қаласында тырысқақ ауруы таралғандығы туралы хабар келді. Индетке қарсы қажетті іс-шараларды қабылдар алдында Ресей билігі бұл хабардың дұрыстығын растау немесе растамау мақсатында Қашғарға Н. Зеландты жіберуді жөн деп көрді. Экспедиция барысында Н. Зеланд Қашғар елінің Ақсу және Үштүрфан сияқты қалаларға барып Шығыс Түркістанды мекендеген халықтардың этнографиясына (дәстүрлі мәдениетіне) және тарихына, сондай-ақ осы бұл өңірдің географиясы мен өсімдіктер һәм жануарлар әлеміне байланысты құнды материалдар жинастырылды. Жалпы алғанда, экспедиция мүшелері Верныйдан шығып қазіргі Қырғызстанның солтүстігінен (Пішпек (қазіргі Бішкек), Тоқмақ, Ыстықкөлдiң оңтүстік жағы) өтті де, әрі қарай Қашғарға жүрді. Сапардың нәтижесінде жариялаған еңбегінде Н. Зеланд Қазақстанның (соның ішінде Жетісудың) тарихына қатысты кейбір қызықты мәліметтер келтірді. Мысалы, сол кездегі Верный қаласының төңірегіндегі территорияларды сипаттай отырып, автор осы аймақтың топонимикасы жөнінде қызықты мәлімет берді. Мысалы, оның айтуы бойынша, «... тіпті тауларда да әжептәуір алма ағаштары өседі. Содан Верныйдың «Алматы» деген ежелгі атауы да содан шықты» (Зеланд, 1888: 3). Қашғар, Ақсу, Үштүрфан сияқты қалаларда жинастырылған материалдардың негізінде Н. Зеланд жергілікті халықтың тағамдарына, киім-кешегіне, шарушылығына, әдет-ғұрыптарына, Қытай құрамындағы Шығыс Түркістанның басқару жүйесіне, тарихына және т.б. қысқаша сипаттама берді (Зеланд, 1888:

44–46). Шығыс Түркістанның этникалық құрамын сөз еткенде, Н. Зеланд төмендегідей мән-жайларға ерекше назар аударады. Атап айтқанда, оның пікірінше, жергілікті тұрғындар аралас (автордың терминологиясы бойынша, «байырғы арийлер және келімсек моңғолдар») антропологиялық типке жатады (Зеланд, 1888: 47). Жалпы, Н. Зеланд жазған еңбектің мазмұнына қарағанда оның экспедициясының мақсаты тек қана індетке қатысты мәліметтер алумен шектелмей-ақ, Шығыс Түркістанның ежелгі дәуірге және орта ғасырлар кезеңіндегі тарихына және оның ішкі және сыртқы жағдайына байланысты сан алуан деректерді де қамтиды.

Қорытынды

XVIII ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңінде Орталық Азияның ұланқайыр географиялық және тарихи-мәдени кеңістігінде маңызды саяси оқиғалар орын алды. Аталмыш кезеңде Орта Азия мен Қазақстан біртіндеп Ресей империясының құрамына кірді. Орта Азиядағы Бұхара әмірілігі мен Хиуа хандығы қағаз жүзінде тәуелсіздігін сақтап қалғанымен Ресейдің ықпалында болды. Шығыс Түркістан туралы айтатын болсақ, бұл территорияда орналасқан Жоңғар хандығы XVIII ғ. екінші жартысында Цин империясының тарапынан ауыр жеңіліске ұшырап оның жерлері аталмыш империяның құрамына қосылды. XIX ғ. Шығыс Түркістандағы бірқатар ұйғыр мемлекеттері ақыры Цин империясына бағынуға мәжбүр болды. Батыс Түркістанның Ресей империясының құрамына кіруіне байланысты Ресейдің ресми билігінің бастамасымен мақсаты аталмыш аймақтың тарихын, мәдениетін, географиясын, этникалық және діндік құрамын жан-жақты зерттеу болған бірнеше ғылыми қоғамдар (Орыс географиялық қоғамы, Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы және т.б.) құрылды. Кейін Омбы қаласында Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесі ашылғаннан кейін бұл қоғам мүшелерінің қаламынан Шығыс елдерін жан-жақты сипаттайтын іргелі шығармалар шықты. Жалпы алғанда, бұл ретте Орталық Азияда XVIII ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезеңінде орын алған әскери-саяси оқиғалардың Ресей шығыстанушылары жазған еңбектердің (жол естеліктерінің) бағдарлылығында айқын көрініс тапқандығын айту керек. Әңгіме зерттеушілердің шығармаларының мазмұны жөнінде болып отыр. Яғни XIX ғ. екінші жартысында Ресей империясының билігі тарапынан Шығыс Түркістан, Моңғолия, Батыс және Солтүстік Қытайға кешенді экспедициялар ұйымдастырылды. Бұл ретте ерекше ескерер жайт – аталмыш территорияға жіберілген экспедициялар барлау сипатына ие болатын. Өйткені Ресей империясы аталмыш территориялардың Қытайға бағынатынын қааз түрінде мойындаса да, өзінің жалпы геосаяси және экономикалық ықпалын күшейтуге тырысты. Сондықтан да, жоғарыда көрсетілгендей, Ресей зерттеушілерінің сөз болған географиялық кеңістіктің әртүрлі аспектілерін сипаттайтын еңбектерінде сауда сияқты және осы құралыптас мәселелерге арнайы көңіл бөлінген. Ал Ресей империясының құрамындағы Орта Азия мен Қазақстан туралы айтатын болсақ, сол аймақтарға байланысты еңбектерде этнографиялық, географиялық және тарихи аспектілермен бірге практикалық (мысалы, жергілікті тұрғындардың дәстүрлі құқығының орнына бүкіл империялық заңнаманы енгізу немесе осы аймаққа арналған басқару жүйесін жойып жергілікті халықты бүкіл ресейлік әкімшілік органдарға бағындыру және т.б.) мәселелер де көрініс тапты.

Әдебиеттер:

Абаза, 1902 – *Абаза К.К.* Завоевание Туркестана. Рассказы из военной истории, очерки природы, быта и нравов туземцев – в общедоступном изложении. Санкт-Петербург: Тип. М.М. Стасюлевича, 1902. 312 с.

Андреев, 2012 – *Андреев А.И.* Российские экспедиции в Центральной Азии 1870 – 1920-е годы: научные и военно-политические аспекты // Научно-технические ведомости СПбГПУ. Гуманитарные и общественные науки. 2012. № 4. С. 103–109.

Балкашин, 1881 – *Балкашин Н.Н.* Торговое движение между Западной Сибирью, Средней Азией и китайскими владениями // ЗЗСО ИРГО. Омск: Тип. окр. штаба, 1881. Кн. III. С. 1–32.

Валиханов, 1985 – *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата: Каз. сов. энц., 1985. Т. 2. 416 с

Выписка из объяснительной записки комиссии..., 1980 – Выписка из объяснительной записки комиссии к проекту Положения об управлении в казахских степях (1867 г.) // Материалы по истории 358 политического строя Казахстана. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1980. Т. 1. С. 258–279.

Грумм-Гржимайло, 1914 – *Грумм-Гржимайло Г.Е.* Западная Монголия и Урянхайский край. 1914. Т. 1. 569 с.

Зеланд, 1885 – *Зеланд Н.* Киргизы: этнологический очерк // ЗЗСО ИРГО. Омск: Тип. окр. штаба, 1885. Кн. VII. Вып. 2. С. 1–91.

Зеланд, 1887 – *Зеланд Н.* Кашгария и перевалы Тянь-Шаня. Путевые записки // ЗЗСО ИРГО. Омск: Тип. окр. штаба, 1888. Кн. IX. С. 1–212.

Ильминский, 1891 – *Ильминский Н.* Воспоминания об И. Алтынсарине. Казань: Типо-лит. В.М. Ключникова, 1891. 396 с.

Катанаев, 1893 – *Катанаев Г.Е.* Киргизские степи, Средняя Азия и Северный Китай XVII и XVIII столетиях // Записки ЗСО ИРГО. Кн. XIV. Омск: Тип. Штаба Омского военн. округа, 1893. 72 с.

Катанов, 1894 – *Катанов Н.Ф.* Этнографический обзор турецко-татарских племен. Казань: Типо-лит. Император. унив-та, 1894. 22 с.

Катанов, 1897 – *Катанов Н.Ф.* Приметы и поверья тюрок Китайского Туркестана, касающиеся явлений природы. Санкт-Петербург: Тип. Император. акад. наук, 1897. 245 с.

Костенко, 1870 – *Костенко Л.* Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. Санкт-Петербург: Тип. В. Безобразова и К., 1870. 417 с.

Костенко, 1880 – *Костенко Л.* Туркестанский край. Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа Материалы для географии и статистики России. Санкт-Петербург, 1880. Т. 1. 487 с.

Марков, 1901, ч. I – *Марков Е.* Россия в Средней Азии. Очерки путешествия по Закавказью, Туркмении, Бухаре, Самаркандской, Ташкентской и Ферганской областям, Каспийскому морю и Волге. Санкт-Петербург: Тип. М.М. Стасюлевича, 1901. Ч. I. Побережье Кавказа. Ч. II. В Туркмении. Ч. III. На Оксусе и Яксарте. 543 с.

Муфтахутдинова, 2019 – *Муфтахутдинова Д.Ш.* Роль Н.И. Ильминского в формировании антитатарской политики в Казахстане (по материалам НА РТ) // Тюркологические исследования. 2019. Т. 2. № 3. С. 57–61.

Певцов, 1879 – *Певцов М.В.* Путевые очерки Чжунгарии // ЗЗСО ИРГО. Омск: Тип. окр. штаба, 1879. Кн. I. С. 1–148.

Певцов, 1883 – *Певцов М.В.* Очерк путешествия по Монголии и северным провинциям внутреннего Китая // ЗЗСО ИРГО. Омск: Тип. окр. штаба, 1883. Кн. V. С. 1–354.

Россия..., 1913 – Россия: полное географическое описание нашего Отечества. Санкт-Петербург: Изд-во А.Ф. Девриена, 1913. Т. XIX. Туркестанский край. 864 с.

Сапожников, 1911 – *Сапожников В.В.* Монгольский Алтай в истоках Иртыша и Кобдо. Путешествия 1905–1909 гг. Томск: Тип. Сиб. тов-ва печ. Дела, 1911.

References:

Abaza, 1902 – *Abaza K.K.* Zavoyevaniye Turkestana. Rasskazy iz voyennoy istorii, ocherki prirody, byta i нравов tuzemtsev – v obshchedostupnom izlozhenii [The Conquest of Turkestan. Tales from military history, essays on nature, life and customs of the natives – in a generally accessible presentation]. Sankt-Peterburg, Tip. M.M. Stasyulevicha, 1902. 312 p. (in Rus).

Andreyev, 2012 – Andreyev A.I. Rossyskiye ekspeditsii v Tsentralnoy Azii 1870 – 1920-e gody: nauchnye i voyenno-politicheskiye aspekty [Russian expeditions to Central Asia in the 1870s – 1920s: scientific and military-political aspects] // Nauchno-tekhnicheskiye vedomosti SPbGPU. Gumanitarnye i obshchestvennyye nauki. 2012. № 4. S. 103–109. (in Rus).

Balkashin, 1881 – *Balkashin N.N.* Torgovoye dvizheniye mezhdu Zapadnoy Sibiryu, Sredney Aziyey i kitayskimi vladeniyami [Trade movements between Western Siberia, Central Asia and Chinese rule] // ZZSO IRGO. Omsk: Tip. okr. shtaba, 1881. Kn. III. P. 1–32. (in Rus).

Valikhanov, 1885 – Valikhanov Ch.Ch. Sobraniye sochineny v pyati tomakh [Collection of articles]. Alma-Ata: Kaz. sov. ents., 1985. T. 2. 416 p.

Vypiska iz obyasnitelnoy zapiski komissii..., 1980 – Vypiska iz obyasnitelnoy zapiski komissii k projektu Polozheniya ob upravlenii v kazakhskikh stepyakh (1867 g.) [Extract from the explanatory note of the commission to the draft Regulation on governance in the Kazakh steppes (1867)] // Materialy po istorii 358 politicheskogo stroya Kazakhstana. Alma-Ata: Izd. AN KazSSR, 1980. T. 1. P. 258–279. (in Rus).

Grumm-Grzhimaylo, 1914 – *Grumm-Grzhimaylo G.E.* Zapadnaya Mongoliya i Uryankhaysky kray [Western Mongolia and Uryankhay Krai]. 1914. T. 1. 569 p. (in Rus).

Zeland, 1885 – *Zeland N.* Kirgizy: etnologichesky ocherk [Kirghiz: Ethnological essay] // ZZSO IRGO. Omsk: Tip. okr. shtaba, 1885. Kn. VII. Vyp. 2. P. 1–91. (in Rus).

Zeland, 1887 – *Zeland N.* Kashgariya i perevaly Tyan-Shanya. Putevye zapiski [Kashgaria and the passes of Tien Shan. Travel notes] // ZZSO IRGO. Omsk: Tip. okr. shtaba, 1887. Kn. IX. P. 1–212. (in Rus).

Ilminsky, 1891 – *Ilminsky N.* Vospominaniya ob I. Altynsarine [In Memoriam I. Altynsarin]. Kazan: Tipo-lit. V.M. Klyuchnikova, 1891. 396 p. (in Rus).

Katanayev, 1893 – *Katanayev G.E.* Kirgizskiy stepi, Srednyaya Aziya i Severny Kitay XVII i XVIII stoletiyakh [Kirghiz steppes, Central Asia and Northern China in the 17th and 18th centuries] // Zapiski ZSO IRGO. Kn. XIV. Omsk: Tip. Shtaba Omskogo voyenn. okruga, 1893. 72 p. (in Rus).

Katanov, 1894 – *Katanov N.F.* Etnografichesky obzor turetsko-tatarskikh plemen [Ethnographic review of the Turkish-Tatar tribes]. Kazan: Tipo-lit. Imperator. univ-ta, 1894. 22 p. (in Rus).

Katanov, 1897 – *Katanov N.F.* Primety i poveriya tyurkov Kitayskogo Turkestana, kasayushchiesya yavleniy prirody [Signs and beliefs of the Turks of Chinese Turkestan concerning natural phenomena]. Sankt-Peterburg, Tip. Imperator. akad. nauk, 1897. 245 p. (in Rus).

Kostenko, 1870 – *Kostenko L.* Srednyaya Aziya i vodvoreniye v ney russkoy grazhdanstvennosti [Central Asia and Development in It of Russian Citizenship]. Sankt-Peterburg, Tip. V. Bezobrazova i K., 1870. 417 p. (in Rus).

Kostenko, 1880 – *Kostenko L.* Turkestansky kray. Opyt voyenno-statisticheskogo obozreniya Turkestanskogo voyennogo okruga Materialy dlya geografii i statistiki Rossii [Turkestan region. Experience of military-statistical review of the Turkestan military district Materials for geography and statistics of Russia]. Sankt-Peterburg, 1880. T. 1. 487 p. (in Rus).

Markov, 1901, ch. I – *Markov Ye.* Rossiya v Sredney Azii. Ocherki puteshestviya po Zakavkazyu, Turkmenii, Bukhare, Samarkandskoy, Tashkentskoy i Ferganskoy oblastyam, Kaspyskomu moryu i Volge. Sankt-Peterburg, Tip. M.M. Stasyulevicha, 1901. Ch. I. Poberezhye Kavkaza. Ch. II. V Turkmenii [Russia in Central Asia. Essays on Travels in Transcaucasia, Turkmenistan, Bukhara, Samarkand, Tashkent and Fergana Regions, the Caspian Sea and the Volga]. Ch. III. Na Oksuse i Yaksarte. 543 p. (in Rus).

Pevtsov, 1879 – *Pevtsov M.V.* Putevye ocherki Chzhungarii [Chungarian travel notes] // ZZSO IRGO. Omsk: Tip. okr. shtaba, 1879. Kn. I. P. 1–148. (in Rus).

Pevtsov, 1883 – Pevtsov M.V. Puteshestviya po Mongolii i severnym provintsiyam vnutrennego Kitaya [Traveling around Mongolia and northern provinces of inner China] // ZZSO IRGO. Omsk: Tip. okr. shtaba, 1883. Kn. V. P. 1–354. (in Rus).

Rossiya..., 1913 – Rossiya: polnoye geograficheskoye opisaniye nashego Otechestva [Russia: A complete geographical description of our Motherland]. Sankt-Peterburg, Izd-vo A.F. Devriyena, 1913. T. XIX. Turkestansky kray. 864 p. (in Rus).

Sapozhnikov, 1911 – Sapozhnikov V.V. Mongolsky Altay v istokakh Irtysha i Kobdo. Puteshestviya 1905–1909 gg. [Mongol Altay in the Irtysh and Kobdo mountains. Travels 1905–1909.]. Tomsk: Tip. Sib. tov-va pech. Dela, 1911. (in Rus).

¹Жармаганбетова К.Ж. ²Смагулов Б.К. ³Жанатаева К.Б.

¹Атырауский университет имени Халела Досмухамедова, Атырау, Казахстан,

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹Karo.jasmin@mail.ru, ²bolat.smagulov.76@list.ru, ³guljan2501@gmail.com

ИССЛЕДОВАНИЯ РОССИЙСКИХ ВОСТОКОВЕДОВ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XIX – НАЧАЛА XX В.

Аннотация. В настоящее время комплексные исследования истории и культуры, а также социальной жизни народов Центральной Азии (Западный и Восточный Туркестан, Монголия, Западный и Северный Китай) представляют собой один из актуальных вопросов востоковедческой науки Казахстана. Это объясняется тем, что исследования в этом направлении позволяют научные проблемы, связанные с этнической, социальной и этнополитической историей народов указанной территории. При этом необходимо отметить, что российские востоковеды внесли значительный вклад в изучение данного географического и историко-культурного пространства. Цель статьи – выявить особенности исследований российских востоковедов, связанных с историей и культурой народов Центральной Азии. В процессе написания статьи были использованы методы текстологического и факторного анализа, а также сравнительный метод. Это дает возможность выявить научные и идеологические позиции авторов трудов по указанной теме, а в конечном счете – достигнуть поставленной цели. В результате исследования авторы пришли к следующему выводу. Труды российских востоковедов по изучению Центральной Азии второй половины XIX – начала XX в. отличаются своей тематической направленностью. Иными словами, если труды по итогам проведения исследований в таких регионах, как Восточный Туркестан, Монголия, Западный и Северный Китай отличаются разведывательным характером, то исследования в Западном Туркестане (Средняя Азия и Казахстан) наряду с этнографическими, географическими и историческими темами охватывают также и «прикладные» вопросы (к примеру, введение общеимперской системы управления).

Благодарность: Статья написана в рамках выполнения научного проекта BR20281006 «Страны Востока в фокусе геополитических изменений: новые вызовы и перспективы для Казахстана в историческом и современном дискурсе».

Ключевые слова: исследования в области востоковедения, Западный и Восточный Туркестан, Китай, Монголия, Центральная Азия, Русское географическое общество, экспедиции, история и культура народов.

¹ Zharmaganbetova Q.S. ² Smagulov B.K. ³ Zhanatayeva K.B.

¹ Atyrau University named after Khalel Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

² R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

³ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹Karo.jasmin@mail.ru, ²bolat.smagulov.76@list.ru, ³guljan2501@gmail.com

RESEARCH BY RUSSIAN ORIENTALISTS ON THE HISTORY AND CULTURE OF THE PEOPLES CENTRAL ASIA IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – 20TH CENTURIES

Abstract. Currently, comprehensive studies of the history and culture, as well as the social life of the peoples of Central Asia (Western and Eastern Turkestan, Mongolia, Western and Northern China) are one of the pressing issues of oriental science in Kazakhstan. This is due to the fact that research in this area allows scientific problems related to the ethnic, social and ethno-political history of the peoples of this territory. It should be noted that Russian orientalists have made a significant contribution to the study of this geographical and historical-cultural space. The purpose of the article is to identify the features of the research of Russian orientalists related to the history and culture of the peoples of Central Asia. In the process of writing the article, the methods of textual and factorial analysis, as well as the comparative method, were used. This makes it possible to identify the scientific and ideological positions of the authors of works on this topic, and ultimately - to achieve the goal. As a result of the study, the authors came to the following conclusion. The works of Russian orientalists on the study of Central Asia in the second half of the 19th - early 20th centuries are distinguished by their thematic focus. In other words, if the works based on the results of research in such regions as East Turkestan, Mongolia, Western and Northern China are distinguished by their reconnaissance nature, then research in Western Turkestan (Central Asia and Kazakhstan), along with ethnographic, geographical and historical topics, also covers “applied” issues (for example, the introduction of a pan-imperial system of governance).

Acknowledgement: The reported study article is part of project BR20281006 «East countries: geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan in historical and modern dimensions».

Keywords: research in the field of oriental studies, Western and Eastern Turkestan, China, Mongolia, Central Asia, Russian Geographical Society, expeditions, history and culture of peoples.

Авторлар туралы мәлімет:

Жармағанбетова Қарлығаш Сәбитбекқызы, магистрант, 2 курс, Хәлел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан.

Смағұлов Болат Құдайбергенұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, PhD (История), қауымд. проф., Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Жанатаева Кульжан Бекеновна, Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Жармағанбетова Карлығаш Сабитбековна, магистрант, 2 курс, Атырауский университет имени Халела Досмұхамедова, Атырау, Казахстан.

Смағұлов Болат Құдайбергенович, кандидат исторических наук, PhD (История), асс. проф., Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Жанатаева Кульжан Бекеновна, ст. преподаватель кафедры туркологии и истории стран Востока, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Zharmaganbetova Qarlygash Sabitbekqyzy, Master's student, 2nd year, Atyrau University named after Khalel Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan.

Smagulov Bolat Qudaybergenuly, Candidate of Historical Sciences, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Zhanatayeva Kuljan Bekenovna, Senior Lecturer, Department of Turkish Studies and History of the East, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan